

Аудандық мәслихаттың 2015 жылғы 25 маусымдағы № 214 "Пайданылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Ақтөбе облысы Алға аудандық мәслихатының 2016 жылғы 12 ақпандағы № 263 шешімі

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 7-бабының 5-тармағына және Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы № 213 "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 40-бабының 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес, Алға аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Аудандық мәслихаттың 2015 жылғы 12 ақпандағы № 214 "Пайданылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы" (әділет органдарында 2015 жылғы 9 шілдеде № 4426 санымен тіркелген, аудандық "Жұлдыз-Звезда" газетінің 2015 жылғы 14 шілдедегі № 26 санында жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім қабылданған күннен бастап қолданысқа енгізілсін.

*Аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы,
мәслихат хатшысы:*

А. Кайрушев